



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫҢ ЖҮКТІЛІГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Құрақ Бексұлтан Әлікұлы

kurak95@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-і Әлеуметтану кафедрасы 5В090500-«Әлеуметтік жұмыс»
мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.И. Манасбаева

Қазақстанда отбасын құру жасы орта шамамен 24 жасты құрағанымен, жасөспірімдердің жыныстық өмірінің басталу жасы төмендеуде, әсіресе бұл 14-15 жастағы қыздардың арасында жиірек көрініс табуда. Мұндай «жасөспірімдік белсенділік» нәтижесінде ең алдымен жоспарланбаған жүктіліктер орын алуда, оның салдары көптеген мәселелерге алып келуде: босанбаған қыздардың түсік жасатуы, ерте ана болуы, стимулданған ерте неке, баладан бас тарту, ана және бала өлімі.

Әсіресе, соңғы жылдары жаңа туған сәбилердің дәретханалар мен қоқыс үйінділерінен табылуына қатысты оқиғалардың жиілеуі қоғамда үлкен резонанс тудырып отыр. Мектеп бітірмей жатып «ана» атанған қыздардың қарасы басым. Бұқаралақ ақпарат құралдарынан: «дәретханада жаңа туылған сәби табылды», «жатырын жарып шыққан нәрестесін қоқыс жәшігіне тастапты», «жол бойында шақалағын көлік терезесінен лақтырып кетіпті» деген тақырыптағы жаңалықтар көбеюде. Көбіне, жасөспірімдердің жүктілігіне қатысты «Балалы болған... балалар» деген сипаттама қолданып жатады.

Ресми статистикаға сәйкес, Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы жүктілік саны жылдан жылға өсуде. Мысалы, елімізде жыл сайын 10 мың кәмелетке толмаған жасөспірімдердік жүктілігі тіркеліп, олардың жартысы баланы дүниеге алып келсе, қалған жартысы жүктілікті тоқтатудың медициналық тәсілдеріне жүгінеді. Және бұл тек ресми статистика ғана. Ал тіркелмеген түсіктер саны қаншама [1].

ДДҰ анықтамасы бойынша әлемде жыл сайын шамамен 13 пен 18 жас аралығындағы 16 миллион қыз бала дүниеге сәби әкеледі [2].

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, соңғы 5 жылда жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің 33 051 фактісі анықталып, оған қоса, 15-18 жас аралығындағы қыздардың 9 906 жасанды түсігі тіркелген. Бұл мәлімет пайыздық көрсеткіш бойынша Батыс Еуропа елдерінен 2-3 есеге артық. 15-18 жас аралығындағы қыздардың жасанды түсік көрсеткіштері әлі күнге жоғары, жалпы алғанда жыл сайын екі мыңға дейін жетеді.

Адамшылықтан шыққан мұндай оқиға Тараз, Ақтөбе және Жезқазған қалаларында қайталанған. Ақтөбеде 2016 жылдың басында кәмелет жасына толмаған 44 қыз жүкті болып, оның 25-і қаладан, қалған 19-ы аудан мен ауылдардан анықталған. Бір жасөспірім қыздың жасы 15-те, ал өзгелері 17-18 жаста болған. Жүкті болып қалған қыздардың төртеуі мектеп оқушысы болса, тағы төртеуі мектеп бітіріп, үйінде отырғандар екені мәлім болған [3].

Қазақстандағы БҰҰ халықтың тұрмыстық-әлеуметтік қорының (ЮНФПА) жүргізген зерттеу нәтижесі бойынша, қазақстандық жастардың 64 % жыныстық қатынасқа алғаш рет мектеп жасында түседі екен [4].

Жасөспірімдер арасындағы жүктілік бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы көш бастап тұр. Жыл басынан бері мұнда кәмелетке толмаған 616 қыз жүкті болған. Алматы облысында 400-ге жуық, Жамбыл облысында 292, Қарағанды облысында 255 мектеп оқушысы сәбилі болды. Кәмелетке толмаған қыздар арасында жүктілікті 3 мыңнан астам оқиғасы тіркелген. Жас ерекшеліктерін алатын болсақ, 15-17 жастар арасында кездеседі.

Ерте жүктілік, анықтама бойынша, 18 жасқа толмаған қыз балалардың жүктілігі, және сондықтан да оны жиі жасөспірімдік жүктілік деп атайды. Бірақ бұл жағдайдағы мәселе қыз баланың жүктілік уақытындағы кәмелетке толмағандығында емес, мәселе ерте жүктіліктің

қыз баланың әлі бекімеген ағзасына және болашақ нәресте үшін қауіптілігінде. Сонымен қатар, ерте жүктілік олардың отбасы мен жергілікті қоғамдастық үшін де теріс әлеуметтік және экономикалық салдарға алып келеді [5].

Ерте жүктіліктің қауіпсіз болатын жас шамасын дәл анықтау мүмкін емес, себебі жас адамның ағзасы түрлі жылдамдықпен дамиды. Ерте жүктілік жағдайларының көп бөлігі 15-17 жас аралығына келеді. Және жасөспірімдердің жүктілігі мен босануы физиологиялық тұрғыда ересек адамдармен салыстырғанда күрделірек өтеді.

Жеткіншек жасындағы (некеде немесе некеден тыс) ерте жүктіліктің себептері микро- және макро деңгейдегі факторларға тәуелді болып келеді: отбасында және жергілікті қоғамдастықта қабылданған нормалар, дәстүрлер мен экономикалық жағдай әсер етеді. Саяси механизмдер мен нормативті ережелер таңдау жасауға не ықпал етеді, не болмаса кедергі болып табылады.

Егер біраз уақыт бұрын ерте жүктілік асоциалды отбасынан шыққан балалардың тағдыры деп есептелсе, бүгінгі күні кәмелетке толмаған жүкті жасөспірімдер ауқатты отбасыларының арасынан да кездесіп отырады. Ерте жүктілік мәселесі, ең алдымен, бала мен ата-ана қатынасының бұзылуымен, баланы жыныстық тәрбиелеу мәдениетіндегі ата-ананың кемшіліктерімен байланысты.

Сонымен, кәмелетке толмаған жүкті қыздарды екі топқа бөле аламыз. Біріншілері, ата-анасының өз баласына қамқорлық көрсетпейтін, тәрбиесіне саналы түрде үлес қоспайтын асоциалды отбасыларынан шыққандар. Мұндай кәмелетке толмаған жасөспірімдердің отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделу деңгейі, білім және мәдени деңгейі төмен, ата-анасының мінез-құлықтық бұзылыстары мен ішімдікке салынуы, отбасындағы зорлық-зомбылық кең таралған, сонымен қатар баспана және материалдық қиындықтар тән.

Екіншісі, әл-ауқатты отбасыларынан шыққандар. Мұндай отбасында ата-аналары балаларын моральдық-этикалық тәрбиеден гөрі, материалды ресурстармен қамтамасыз етуге бағдарланған. Сонымен қатар, бұл топқа толық емес отбасынан шыққан жасөспірім қыздарды да жатқызуға болады. Мұндай отбасында ата-ана отбасылық қызметтердің барлығын жалғыз өзі орындай алмайды және қазіргі заман жағдайында табыс табуға көңіл бөліп, отбасындағы тәрбиелік рөлін орындауға үлгермейді.

Мұндай әр түрлі отбасылардың өмір әрекеті нәтижесінде балалар ұқсас жағдайларға тап болады, яғни ата-аналық, яғни тәрбиелік әлеует минималды деңгейге дейін төмендеген. Балалардың педагогикалық қараусыздығы оларда әлеуметтік-мәдени нормалар мен құндылықтардың қалыптаспағандығын, өз әрекеттері мен мінез-құлықты, оның салдарына жауап бере алмаушылығын, контрацептивтік сауаттылығының болмауын көрсетеді. Жасөспірім қыздардың мұндай мінез-құлық салдары көбінесе ерте жүктілік болып табылады.

Кейбір қыз балалар жыныстық қатынасқа мәжбүрлеуге қарсыласа алмайтын немесе өздері қаламаған жыныстық қатынастан бас тарта алмайтын жағдайға тап болғанда жүкті болады. Кейбірі жүктіліктен қалай сақтануға болатындығын білмейді немесе жүктілікті болдырмаудың, оның ішінде жедел контрацепция әдістерін сатып ала алмайды.

Жастардың әлеуметтік мәселелері жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің көрінісі мен жалғасы болып табылады. Жастардың әлеуметтік мәселесі – бұл қоғамның өмір тіршілігі үшін (білім, еңбек, бос уақыт және т.б.) және жастар үшін де өмірлік маңызды, халықтың ерекше әлеуметтік-демографиялық тобының ерекше мәселесі. Ол жас ұрпақтардың, жастар ұйымдарының жігерін ғана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекет тарапынан да нақты саясатты талап ететін мәселе болып табылады.

ДДҰ-ы жариялаған жеткіншіктер жүктілігі бойынша нұсқаулықта жеткіншіктер жүктілігінің жоғарыда аталған себептеріне әсер ету үшін саяси деңгейде, жергілікті қоғамдастық деңгейінде, сонымен қатар жеке адам деңгейінде іс-шаралар жүргізу ұсынылады. Сонымен қатар, құжатта ерте жүктілік себептерінің дұрыс түсінігін қалыптастыру және осы себептерге әсер ету үшін құқықтық, әлеуметтік, мәдени және экономикалық сипаттағы тиімділігі жоғары іс-шараларды анықтау қажеттілігі көрсетіледі [6].

Жастардың осы мәселелерін шешуге көптеген құрылымдар мен ұйымдар белсенді қатысуда. Оларға ДДҰ, және ББҰ басқа да мекемелері, халықаралық және жергілікті ҰЕҰ, мемлекеттік билік органдары жатады. Олардың кейбіреуі эпидемияға қарсы іс-шараларды жетілдірумен, ерте жүктілік детерминанттарына ғылыми зерттеу жүргізумен және ертек жүктілік мәселесін шешудегі тиімді бағыттарды іздеумен айналысуда. Басқалары ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізіп, түрлі деңгейдегі көмектер көрсетуде:

- Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша, мектепте қыз балаларды жыныстық қатынасқа күштеуден қорғау бойынша заңдар мен стратегиялар қалыптастырады, сонымен қатар мұндай заңдар мен стратегиялардың қолданылуын қамтамасыз етеді;

- Қыз балалардың мектепте оқуы үшін және ерте некелерді болдырмау үшін олардың әл ауқатын көтерудегі экономикалық стимулдар мен бағдарламаларды қолданады;

- Қыз балаларды ақпараттандырады және олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпалдасады;

- Жасөспірім қыздардың әйел ретінде дұрыс дамуы мен жетілуі үшін, кейін дені сау ұрпақты дүниеге әкелуі үшін олардың отбасылары мен жергілікті қоғамдастықты қолдау көрсетуге тартады.

Қазіргі таңда еліміз бойынша жасөспірім қыздармен жұмыс істейтін небәрі 91 медициналық орталық бар. Осы орталықтар санын көбейтуіміз керек, сондай ақ, осы орталықтармен бірлесе отырып әлеуметтік жұмыс мамандығы бірлескен түрде үлкен ауқымды іс-шаралар өкізілуі керек. Әлеуметтік жұмыс мамандары мектеп қабырғасында жұмыс атқаруы керек. Олар мектеп жасындағы қыздармен тренингтер, сұхбаттар, кеңес беру жұмысытарын өткізуі керек.

Осы мәселе бойынша «Кәмелетке толмаған қыз балалардың ерте жүктілігі және оған жастардың қатынасы» тақырыбында әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Респонденттер ретінде 18-21 жас аралығындағы қыз балалар (15 студент) алынды. Зерттеу мақсаты кәмелетке толмаған қыз балалардың ерте жүктілігі мәселесі және оның алдын алу бойынша шаралардың тиімділігі мен мүмкіндіктеріне жастардың өздерінің қатынасын анықтау.

Сұхбат барысында қазақ қоғамындағы жетім балалардың санының арту себептері, қазіргі таңда кәмелетке толмаған жасөспірімдер жүктілігінің көбею себептері, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру, орта кәсіби білім беру мекемелерінде және жоғарғы оқу орындарында жыныстық тәрбие сабақтарын жүргізу мүмкіндіктері, қыз балаларға білім ордаларында тәрбие беру барысындағы ұсыныстар қаралды.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесідей қорытындыларға тоқталуға болады.

Жетім балалардың санының артуының бір себебі ретінде зерттелушілердің басым бөлігі отбасындағы ата-ананың тәрбиесіндегі кемшіліктерді түсіндіреді. Қазақ қыздарының жарына адал болып, дүниеге он баладан алып келіп, алтын құрсақты ана атанған бұрынғы қыз-келіншектердің жолымен емес, некеге тұрмай жатып, бір сәттік ләззатқа құмартып ерте жүкті болуы деп түсіндіреді. «Қызға қырық үйден тыю» деген қазақ халқының бұл өнегесі жоққа шығып бара жатқандай. Ащы да болса шындық, қазір бұл мәтелге мән беретіндердің саны азайып, керісінше кәмелетке толмай ана атанушылардың қатары артып отыр. Ал, зерттелушілердің аз бөлігі қыз бен жігіттің арасындағы жауапкершілік бірдей болу керектігін айтса, тағы бір бөлігі бар мәселе жастардың материалдық жағдайында деп көрсетеді.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер жүктілігінің себептерін түсіндіруде зерттелушілердің басым бөлігі 14-17 жас өтпелі шақ екендігін және қазіргі таңда ғаламтор желілерінде болмаса теледидарда көрсетілетін әдепсіз кино мен телехикаялар жас жеткіншектердің санасын улағандығының әсерінен бұл мәселенің асқынып тұрғандығын баса айтады. Бірін бастасаң, екіншісін де айтып өтуге тура келеді. Атақты Шалкиіз жырау: «Қыз он беске келгенде, шашынан көп жаласы», – деген өлең жолдарын қалдырғандығы баршамызға аян. Әлі оң-солын танымаған өрімдей қыздардың жүкті болып қалуына да бұрынғы салмақтылық пен қаталдықтан айырылған ер-азаматтар кінәлі. Қырмызы қызыл гүлдей жайқалып өсіп келе жатқан қыз балаға, бойжеткенге кім қызыға қарамайды.

Нәпсіқұмар, арам ойлы адамдар көбінесе жас қыздарды алдап-арбап, абыройынан айырып, тіпті, жезөкшелік жолға да мәжбүрлейді.

Жалпы орта білім беру мекемелері мен жоғарғы оқу орындарында жыныстық тәрбие сабақтарын жүргізу арқылы жастарды болашақ өмірге дайындау ұсынысын зерттелушілер ойланарлықтай дүние ретінде қабылдады. Студент қыздардың бір бөлігі ерте бастан мұндай тақырыптарды қозғау ұлттық менталитетке сай емес екендігіне тоқталса, қалған бөлігі тым болмағанда жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламасына жыныстық тәрбие беретін түсіндірме пәндерінің, ашық сағаттардың енгізілуін толық дұрыс деп санайды.

Қыз балаларға білім ордаларында тәрбие беру барысындағы ұсыныс ретінде зерттелушілер тәрбиенің іргетасы отбасынан берік қалануы керек екендігін айтады. Одан бөлек, отбасындағы әкелер рөлі де өз маңыздылығын жойды ма деген сауал туындайды. Бала тәрбиесінен бұрын әмиянын толтыруға асығып, жұмысбасты атанғандары да қаншама. Әкенің қатал көзқарасын, ананың жылы мейірімін қатар сезінбеген бала болашағына да екіұшты қарары анық. «Қыз ұяты анаға сын, ұл ұяты әкеге сын» демекші, ең алдымен, отбасындағы тәрбие мен мектеп жасындағы балалардың, біздің тілмен айтқанда, «ұятты әрекеттерге» бармауын түсіндірме жұмыстары арқылы қолға алып, іс жүзінде көрсетсек дұрыс болары сөзсіз. Теріс жолға түскендердің ертеңгі күні қараң екендігін ашық айта отырып, қоғамдық пікір тудыра алатындай көпшілік деңгейге көтеру.

Сонымен қатар, зерттелішулер Елордамыздағы нөмірі бірінші білім ордасы Еуразия Ұлттық университетіндегі әлеуметтік ғылымдар факультетінде мәдениеттану мамандығының студенттеріне қыз бала тәрбиесіне жіті көңіл бөлетін арнайы «Қазақ қызының бейнесі» атты қосымша пәннің өтілетіндігін назарға салды. Тек бір мамандық студенттерімен шектелмей, еліміздің әрбір өңіріндегі білім ошақтарында жүзеге асса, қазіргі таңның дертіне айналғалы тұрған мәселенің де түйіні шешіледі деп санайды.

Сонымен, зерттеуімізді түйіндей келсек, ұрпағына есімі аңыз болған Домалақ анадай, Абайдай алыпты дүниеге әкелген Ұлжандай, халқымыз үшін махаббат символына айналған Баяндай арулар тек тарих беттерінде қалып, Бұқар жыраудың Абылайдың түсін жорығанындай «құрт-құмырсқа мен бақа-шаянға айналған ұрпақ» қана қалды ма деген ойға кенелесің. Жүрегі елім деп соққан әрбір азаматты терең ойға батырған бұл жайттар сан ғасырлар тоғысында да ешбір өзгеріске ұшырамай келген қазақ халқының өнегесі мен тәрбиесінің ХХІ ғасырдың басына таяғанда жаңсақ басып қалғандығының салдары ма?! Тек көрсеткіш пен нәтиже кусақ, ертеңгі күні жастардың кемелді келешек құруға деген ниетіне балта шабылып, сан соғып қаларымыз анық. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген халық даналығын осы жайтқа тура келтіруге болады. Кәмелеттік жасқа толмай жатып жыныстық қатынасқа барғандарды, ерте кезден жасанды түсік жасатқан безбүйректерді, дәретхана мен қоқыс жағалаған көкек аналарды айыптағанша, олардың бұл жолды таңдамауына жағдай жасап, қыз бала тәрбиесі мен ер бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлсек игі болары сөзсіз. Қыздарға ананың, ал ер балаларға әкенің ақыл-кеңесі, тәрбиесі ауадай қажет екендігін басты назарға алған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://e-islam.kz/ru/islam-zhane-qagam/vnutrennie-kategorii/islam-zhane-jastar/item/6002-podrostkovaya-beremennost-obydennost-ili-tragediya>
2. Всемирная организация здравоохранения <http://www.who.int/ru/>
3. Женщины и мужчины Казахстана 2008-2012: статистический сборник / – Астана, 2013. – 140 с.
4. <http://www.who.int/reproductivehealth/topics/adolescence/laws/ru/>
5. Руководство ВОЗ по предотвращению подростковой беременности и ее негативных репродуктивных последствий в развивающихся странах. ВОЗ. – Женева. – 2011 г.